

УДК 396.9

ПЕХЛЕВИ ДӘУІРІНІҢ САЯСИ ӨМІРІНДЕГІ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ОРНЫ (1925-1979)

Құлмағанбетова Ақбота Сакенқызы

sakenkyzy00@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Шығыстану мамандығының 1 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – С. Тулеубаева

Пехлеви дәуіріне дейінгі Иранның дәстүрлі қоғамында әйелдер көп азаматтық құқықтарға ие болмады және үй мен отбасы ішінде ерлерге бағынуға және мойынсұнуға мәжбүр болды. Алайда, революциямен және одан кейін әйелдердің жағдайын өзгертудің интеллектуалдық негіздері орын алып, Мұхаммед Реза шах дәуірінде үкімет билігін жүзеге асыру арқылы әйелдердің қоғам арасындағы рөлін өзгертуге бағытталған саясаттар жүзеге асырылды.

Бұл кезеңде қоғамды батыстандыру және модернизациялау мақсатында билік идеяларын жүзеге асыру үшін әйелдер мәселесі қарастырылды. Сәйкесінше, әйелдер арасында білім беруді кеңейтуге бағытталған алғашқы әрекеттер қыздар мектептері мен колледждерінің ашылуына әкелді. Әйелдердің білім алуымен және оларға арналған оқу орындарының ашылуымен олардың қоғамға енуіне жол ашылды.

Реза Шахтың ішкі саясатындағы өзгерістер (1925-1941)

1906 жылғы конституциялық революциядан кейін әйелдер төңірегіндегі мәселе жақсармай, құқықтық кемсітушілік те пайда болды. Әйелдерге сайлауға және сайлануға, тіпті дауыс беруге де тыйым салынды. Кейіннен 1925 жылы билік басына Пехлеви әулеті келген тұстан бастап, әйелдердің әлеуметтік құқықтары қоғам саласына біртіндеп ене бастады.

Реза Шах Парсы еліне және парсы әйелдерінің өмірін түбегейлі өзгерткен саясатты енгізді. Отбасы заңдарына өзгертулер енгізіліп, сол жылы сауатсыздықты жою мақсатында қоғамдық бірлескен бастауыш мектептер құрылды.

1910 жылы 47 мектепте 2167 қыз ғана оқыған. 1918-19 жылдары Мырза Хасан хан Вот-әд-Дәула үкіметі Тегранда мұғалімдер даярлайтын мектеп (Дар әл-мо'аллемат) пен қыздарға арналған 10 мемлекеттік бастауыш мектеп құрды. Онда бірнеше жүз ирандық оқушы қыздар білім алды.

1926-27 жылдар кезеңінде қыздардың саны бастауыш мектептердегі 17 000-нан, орта мектептерде 700-ден, 1936-37 жж. сәйкесінше 47 000 және 2 000-ға дейін өскен.

Сонымен қатар, 1930 жылдардың ортасында әйелдерге жоғары білімнің ашылуы және 1936-37 жылдары Тегран университетіне жетпістен астам студент қыздар оқуға түскен. [1,62].

1-кесте – Ирандағы 1927-1940 жылдар аралығындағы білім алушы оқушы қыздар саны [2,24]

Оқу жылдары	Бастауыш	Орта	Барлығы
1927-1928	22146	1477	23623
1928-1929	25973	1715	27688
1929-1930	29462	2034	31496
1930-1931	30966	2457	33423
1931-1932	31074	2516	33950
1932-1933	36324	2734	39058
1933-1934	42597	2997	45594
1934-1935	44170	3277	47447
1935-1936	59665	3720	63385
1936-1937	69929	4873	74802
1937-1938	80475	5276	85751
1938-1939	81446	5654	87100
1939-1940	81979	5816	87795

Кестеден Ирандағы білім беру саласының жылдан-жылға жақсарғанын көруге болады.

1936 жылы 8 қаңтарда шах Реза Пехлеви күтпеген жерден барлық исламдық жамылғыларға (оның ішінде орамал мен бетпердеге) тыйым салатын «Кәшф-е хиджаб» (کشف حجاب) деп аталатын жарлық шығарды. Шах үкіметі сонымен қатар ерлердің дәстүрлі киімдерінің көптеген түрлеріне тыйым салған еді. [3].

Бұл жарлық тез орындалса да, діни бағытты ұстанған адамдар мен билікті жақтаушылардың арасындағы түсініспеушілікке алып келіп, қанды қақтығысқа жалғасты. Мысал ретінде 1939 жылы қасиетті Мешхед қаласындағы Гохаршад мешітінде болған қырғынды айтуға болады. Содан бері хиджаб мәселесі Иран саясатындағы шешімін таппаған, даулы мәселеге айналды.

Жаңа заң Мұхаммед Реза Пехлеви тұсында аздап жеңілдетілді және діни киім кию енді қылмыс болып саналмады. Алайда, жамылғының қай түрі болсын әлеуметтік тұрғыдан көтерілуге кедіргі келтіріп, қоғамнан шеттетіле бастады.

Барлық заңдық қысымдар мен кедергілерге қарамастан ирандық әйелдердің көпшілігі, өздерінің құқықтарын қорғау мақсатында, билікке наразылық ретінде, керісінше хиджаб пен чадра киюді жалғастырды. Бұрын, 1930 жылдардың ортасында 6,5 миллион ирандық әйелдердің тек төрт мыңы ғана Тегранда жамылғысыз қоғамдық орындарға барған. Негізінен жамылмаған әйелдердің көпшілігі Батыста білім алған шенеуніктердің қыздары, Еуропадан жақында оралған шетелдік әйелдер мен орта таптағы әйелдер болды [5].

1941-1953 жылдардағы әйелдер қозғалысы

1941 жылы Реза Шах тақтан тайған соң, әйелдер құқығы, дәлірек айтқанда, әйелдердің сыртқы түрі мен киімі консервативті және модернистік күштер арасындағы қайшылықтың негізгі көзіне айналды. Жаңадан құрылған Ислам дінін ұстанушылар көпшілік алдында хиджабты қайтаруды талап етіп, әйелдердің сайлау құқығын бұғаттау әрекетін жасады [4].

Тәуелсіз әйелдер құқығын қорғау қозғалысының ардагерлері, сондай-ақ жақында ғана босатылған солшыл топтар бірнеше газеттер шығарып, бірқатар әртүрлі ұйымдар мен қайырымдылық және кәсіби бірлестіктерді ұйымдастыра бастады. Бұл топтар әйелдердің білімі мен сауаттылығына, құқықтық теңсіздіктерге және сайлау құқығына қатысты мәселелерді талқылады. Белсенді ұйымдардың бірі – 1942 жылы Сафия Фируз бен Фатма Сайях бірігіп құрған Иран әйелдер партиясы (حزب زنان ایران).

Партияның мақсаты әйелдердің білімін, әлеуметтік жағдайын және саналылығын арттыру болды. 1944 жылы Мәжілісте сайлау реформасы мәселесі талқыланған кезде партия әйелдердің сайлау құқығын қолдады.

1946 жылы Сайяхтың басшылығымен партия әртүрлі саяси көзқарастағы әйелдерді тарту үшін Иран әйелдер кеңесіне (شورای زنان ایران) айналды [6, 126].

Осы онжылдықтағы әйелдердің ең белсенді ұйымы Туде партиясының әйелдер филиалы – Әйелдердің демократиялық қоғамы (Jāme'a-ye demokrat-e zanān) болды.

Партия 1949 жылы Туде Демократиялық Әйелдер Қоғамында біріктірілді. Мүшелердің көпшілігі партия жетекшілерімен байланысқан жоғарғы және орта тап әйелдері, соның ішінде Захра мен Тәж Ескандари, Мәриям Фируз, Хадижа Кешаварз, Ахтар Камбакш және Бадрмонир Алави болды.

Демократиялық қоғам Хома Хушмандтың редакторлығымен «Бидари-е ма» (Біздің оянуымыз) атты феминистік журналды шығарды. Журнал таптық теңсіздікті гендермен

байланыстырды және әйелдерді оқыту, әйелдерді саяси қызметке жұмылдыру, жезөкшелік, зауыттарда жұмыс істеу, күндізгі күтім орталықтарында әйелдерді пайдалану, әйелдерді оқытуға арналған семинарлар және әйелдер журналдарын құру сияқты мәселелер бойынша үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

1950 жылдарға қарай әйелдер ұйымдары мен олардың біртұтас іс-шараларының саны айтарлықтай өсті. Кейбір ұйымдар үкімет қабылдауы үшін атын өзгертуді ыңғайлы деп тапты. Мысалы, Әйелдер партиясы атауын Әйелдер кеңесі деп өзгертті. Оларға қайырымдылық және қайырымдылық емес ұйымдар да кірді, бірақ олардың мәртебесі қандай болса да, заңды ұйымдардың басты мақсаты шахқа адалдығын көрсету болды.

1953-1979 жылдардағы әйелдер қозғалысы

1953 жылғы мемлекеттік төңкерістен 1963 жылғы Ақ төңкеріске дейінгі кезеңде бірқатар әйелдерді қорғаушы ұйымдар, кәсіби қауымдастықтар мен журналдардың қызметі жалғасын тапты. Сондай-ақ кейбір жаңа ұйымдар белсенді қызмет жасай бастады. Оның ішінде 1970-ші жылдардың ортасында парсы елінің тұңғыш әйел елшісі атанған Мехрангиз Давлатшахи 1955 жылы негізін қалаған «Жаңа жол» қоғамы (қазіргі Джәм'ият-е рах-е).

«Жаңа жол» қоғамы Тегеранның оңтүстік бөлігінде сауат ашу, отандық ғылым және бала күтімін қамтамасыз етумен және әйелдердің саяси және заңды құқықтарын ілгерілетумен айналысты.

Бұл кезеңнің маңызды оқиғасы 1959 жылы ханшайым Ашраф Пехлеви (шахтың егіз әпкесі) басқарған он сегіз әйелдер ұйымын біріктіретін Иран әйелдер қоғамдарының Жоғарғы кеңесі (Шура-йе али-е джәм'иятһа-йе зәннан-е Иран) деп аталатын федерацияның құрылуы болды.

1965 жылы бірінші әйел министр Фаррохру Парса (1922-1980) Білім министрі болып сайланғаннан соң, гендерлік теңдіктің белсенді жақтаушысы болып, ирандық әйелдерге сайлау құқығын беру туралы мәселемен айналысты.

1962 жылдың 5 маусымындағы аятолла Рухолла Хомейни бастаған дін жақтаушыларымен болған түсініспеушілік қанды көтеріліске әкеліп соқтырды. Көтеріліс Тегеран, Құм, Мешхед және Тебриз қалалары шах жарлығына қарсы болғандармен қиян-кескі қақтығыстардың куәсі болды. Осы тұрақсыз кезеңде көптеген діни адамдар мен аятолла Хомейнидің ізбасарлары өлтірілді. Аятолланың өзі Түркияға жер аударылып, қозғалыс астыртын әрекетке көшті. Осылайша 1964 жылдан бастап ирандық әйелдерге сайлауға қатысу құқығы заңды түрде берілді. Тиісінше, жергілікті кеңестер мен заң шығарушы органдарға биліктің саясатына бірқатар әйелдер келді.

1963 жылы 9 қаңтарда жарияланған «Ақ төңкерістің» алты пункттен тұратын бағдарламасы жерді қайта бөлу мен әйелдердің құқықтарын беруді қамтыды. Әйелдер құқығы жарияланғаннан кейін екі аптаға жуық уақыт өткен соң, Тегеранның базары мен оңтүстік аудандарында бейбіт шерулер басталды. Ереуілге әйелдер де наразылық білдіріп, ерлермен бірге шықты.

1963 жылы 26 қаңтарда Ақ төңкеріс туралы референдум өтеді. Әйелдердің дауыстары ерлердің дауыстарынан бөлек есептелсе де, референдум әйелдердің сайлау құқығын еш қиындықсыз мақұлдайды. Бірақ аталған шаралар дәстүрлі күштердің жалпы наразылығымен біріктіріліп, діни құрылымның қатты қарсылығына тап болды.

1963 жылы 5 маусымда Тегеранда және бірқатар ірі провинциялық қалаларда үлкен толқуларға алып келді. Алайда тәртіпсіздіктер әскери күштердің арқасында басылып, келесі жылдарда әйелдердің жағдайын түбегейлі өзгертуге жол ашты.

1970 жылдардың аяғында әйелдер көптеген оқу салаларына, соның ішінде медицина, заң, инженерия, білім беру, гуманитарлық өнер және т.б. кірді. Осы кезеңде қол жеткізген білім берудегі жетістіктер жылдам экономикалық өсумен бірге ирандықтардың қатысуын жеңілдететін жұмысқа орналасу мүмкіндіктеріне әкелді. Жоғары білікті кәсіби лауазымдардан бастап, мемлекеттік бюрократияның барлық деңгейлеріне дейін еңбек нарығында білімді иран әйелдері отырды [7, 80-97].

Революцияға дейінгі соңғы онжылдықтар Иран әйелдері үшін ең маңызды кезеңдердің бірі деп айтуға болады. 1970 жылдардың аяғында бірнеше әйел Иран парламентінде қызмет етті, жүздегені жергілікті кеңестерде қызмет атқарды.

Неке туралы заңға өзгерістер енген соң, қыздардың некеге тұру жасы 13-тен 18-ге дейін көтерілді. Ал ер адамдарға екінші әйел алу үшін соттың рұқсаты қажет болды.

1978 жылы Иран революциясы қарсаңында парламентте 22 әйел, жергілікті кеңестерде 333 әйел қызмет етті. Университет студенттерінің үштен бірі әйелдер болды. Жұмыс күшінде екі миллион әйел болса, оның 146 мыңнан астамы мемлекеттік қызметте жұмыс жасаған [8].

Қорытынды

Қорытындылай келе, Иранда XIX ғасырдың аяғында пайда болған феминизм идеяларын консервативті патриархалдық қоғам өте сақтықпен қабылдады. 1925-79 жылдардағы әйелдер құқығы қозғалысы мен жағдайына жоғарыда келтірілген шолу бірқатар жетістіктер мен кемшіліктерді көрсетеді. Ол жоғарыдан жасалған реформаның Ирандағы әйелдердің жағдайын жақсартқанын және бұрынғы кезеңдердегі радикалды топтар қойған талаптардың көпшілігі ішінара орындалғанын көрсетті. Әйелдердің сайлау құқығы, сауаттылығы мен жұмыспен қамтылуының артуы, сондай-ақ әйелдердің отбасындағы заңды құқықтары мен әйелдерге арналған әл-ауқат бағдарламаларындағы өзгерістерді айтуға болады.

Алайда жоғарыда айтып кеткендей, діни және зайырлы әйелдер арасында үлкен айырмашылық болды. Пехлеви дәуірі әйелдерге қандай да бір жолмен көмектескенімен де, бірқатар шектеулердің болуы, әйелдердің наразылығын тудырып, олардың 1979 жылғы Ислам революциясы кезінде жаппай қатысуына алып келді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Bagley F. R. C. From Darkness into Light: Women's Emancipation in Iran. – Smithtown, N.Y., 1971. – P. 62 – 63.
2. Rostami P., Savagheb J. The Socialization of women in the Pahlavi I era, Possibility, or refusal (1925-1941). – Iran History: Vol.12, Issue 1, Summer & Spring 2019. – P. 18-48.
3. Gholi Majd. M. Great Britain and Reza Shah: The Plunder of Iran, 1921-1941. – University Press of Florida, 2011. – P. 209 – 213.
4. Akhavi S. Religion and Politics in Contemporary Iran. – Albany, N.Y., 1980. – P. 60 – 72.
5. Abrahamian E. A History of Modern Iran. – Cambridge University Press, 2008. – P. 228.
6. Paidar P. Women and the Political Process in Twentieth Century Iran. – Cambridge University Press, U.K., 1995. – P. 126 – 127.
7. Moghadam F. E. Commoditization of Sexuality and Female Labor Participation in Islam: Implications for Iran, 1960-90, in M. Afkhami and E. Friedl, eds. – In the Eye of the Storm: Women in Post-Revolutionary Iran, Syracuse, N.Y., 1994. – P. 80-97.

8. Esfandiari H. The Women's Movement // <https://iranprimer.usip.org/resource/womens-movement>. 27.03.2022.